SAMSUNG

AB57

Осы өнімді дұрыс тастау (Қоқыс электр және электрондық жабдықтары)

(Жекелеген жинақтау жүйелерін қолдайтын Еуропа Одағы мен басқа Еуропа елдеріне қатысты)

Өнімдегі, қосымша жабдықтардағы немесе әдебиеттегі осы белгі өнімді және оның электрондық қосымша жабдықтарының (яғни зарядтағыш, құлақаспап, USB кабелі) қызмет істеу мерзімі аяқталғаннан кейін үйдің қалдықтарымен бірге тасталмауы керектігін білдіреді. Қалдықтардың бақылаусыз тасталуынан туындайтын қоршаған орта мен адамзаттың зақымдануынан қорғау мақсатында осы бұйымдарды өзге қалдықтардан бөлектеп, материалдық ресурстардың қайта пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін, оларды қайта өңдеуге жіберіңіз.

Жеке тұлғалар өнімді қоршаған ортаға зақым келтірмей жою туралы толық ақпарат алу үшін және кімге, қайда хабарласуы қажеттігін білу үшін, өнімді сатқан сатушыға немесе жергілікті билік органына хабарласуы тиіс.

Заңды тұлғалар сатушысына хабарласып, сатып алу келісім-шартының талаптарын тексергені жөн. Осы өнім мен оның электрондық қосымша жабдықтары тасталатын өзге коммерциялық қалдықтармен араласпауы қажет.

KZ.O.02.0072

AH68-02344W(Rev 0.0)

MM-D430D
MM-D530D

ЖЕКЕ МИКРОКОМПОНЕНТТІК ЖҮЙЕ

пайдаланушы нұсқаулығы

мүмкіндіктерді елестетіп көріңіз

Samsung өнімін сатып алғаныңызға рахмет.

Толық қызмет алу үшін,
өнімді келесі торапта тіркеңіз:
www.samsung.com/register

SAMSUNG

Қауіпсіздік ескертулері

ЕСКЕРТУ
ТОК СОҒУ ҚАУПІ БАР.
АШПАҢЫЗ

ТОК СОҒУ ҚАУПІН АЗАЙТУ МАҚСАТЫНДА ҚАҚПАҒЫН (немесе АРТҚЫ БЕТІН) АШПАҢЫЗ. ІШІНДЕ ПАЙДАЛАНУШЫ ӨЗІ ЖӨНДЕЙ АЛАТЫН БӨЛШЕКТЕР ЖОҚ. БІЛІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ МАМАНҒА ЖӨНДЕТІҢІЗ.

CLASS 1 LASER PRODUCT
KLASSE 1 LASER PRODUKT
LUOKAN 1 LASER LAITE
KLASS 1 LASER APPARAT
PRODUCTO LASER CLASE 1

Бұл белгі өнімде ток соғу немесе жарақат алу қаупін тудыратын «жоғары кернеудің» барын білдіреді.

Бұл белгі өнім құжаттарында маңызды нұсқаулардың барын білдіреді.

1-КЛАСТЫ ЛАЗЕР ӨНІМІ

Бұл ықшам диск ойнатқышы 1 КЛАСТЫ ЛАЗЕР өнімі деп жіктелген.

Осы құжатта көрсетілмеген бақылау, реттеулер немесе процедураларды жүргізу аса қауіпті радиациялық сәулелену туғызуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ : АШҚАНДА ЖӘНЕ ТЕЖЕУ ЖҮЙЕСІ ІСТЕН ШЫҚҚАНДА СӘУЛЕЛЕНУ ҚАУПІ БАР, СӘУЛЕДЕН АУЛАҚ БОЛЫҢЫЗ.

АБАЙЛАҢЫЗ : Өрт немесе электр тогы соғуын болдырмау үшін құралды жаңбырда қалдырмаңыз немесе ішіне ылғалдың кіруіне жол бермеңіз.

ЕСКЕРТУ : ЭЛЕКТР ТОГЫ СОҒУЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН КЕҢ ШТЕПСЕЛЬДІК ҰШТЫ КЕҢ ҰЯҒА КЕЛТІРІП, ТОЛЫҚ ЕНГІЗІҢІЗ.

- Бұл өнім жерге тұйықталған ауыспалы ток розеткасына қосылуы тиіс.
- Аппаратты ток көзінен ажырату үшін, штепсельдік ұшты розеткадан суырып алу қажет, сондықтан, розетка ыңғайлы жерде орналасуы тиіс.

ЕСКЕРТУ

- Өнімге еш нәрсе тамшыламау немесе шашырамау керек және сұйықтықпен толтырылған құмыра сияқты ыдыстар үстіне қойылмауы тиіс.
- Розетка құрылғыны ток желісінен ажырату үшін қолданылады және үнемі қол жететін жерде болуы тиіс.

ҚҰРАМЫ

Бумадағы қосымша жабдықтарды төмендегі тізім бойынша тексеріңіз.


Бейне кабелі

FM антеннасы

Пайдаланушы нұсқаулығы


iPod қондырмасы


Қашықтан басқару құралы/ Батареялар (AAA өлшемі)

Сақтық шаралар





Үйіңіздегі айнымалы ток көзі ойнатқыштың артында орналасқан идентификациялық жапсырмада көрсетілгенге сай екеніне көз жеткізіңіз. Ойнатқышты ыңғайлы жерге (жиһазға), айналасында желдетуге жеткілікті бос орын (7-10 см) қалдырып, көлденең қойыңыз. Желдеткіш ұялардың жабылып қалмауын қадағалаңыз. Ойнатқыштың үстіне ештеңе қоймаңыз. Ойнатқышты күшейткіштердің немесе ысатын басқа жабдықтың үстіне қоймаңыз. Ойнатқышты жылжытудың алдында, диск тартпасы бос екеніне көз жеткізіңіз. Бұл ойнатқыш ұзақ пайдалану үшін жасалған. DVD ойнатқышты күту режиміне өткізу электр қуатын ажыратпайды. Ойнатқышты ток көзінен толық ажырату үшін, әсіресе ұзақ уақыт пайдаланбағанда, штепселдік ұшты розеткадан суырып алыңыз.



Найзағайлы дауыл болғанда айнымалы ток штепсельдік ұшын розеткадан суырып алыңыз.
Найзағай тудыратын кернеудің жоғары шектері құрылғыны зақымдауы мүмкін.



Құрылғыға күн сәулесін немесе басқа жылу көздерін түсірмеңіз.
Бұл құрылғының шамадан тыс қызуына және дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.



Ойнатқышты ылғалдан (мысалы, құмыралардан), шамадан тыс жылудан (мысалы, камин) және күшті магниттік немесе электр өрістерін тудыратын жабдықтан (мысалы, динамиктер...) қорғаңыз. Ойнатқыш дұрыс жұмыс істемей жатса, қуат кабелін айнымалы ток көзінен ажыратыңыз. Ойнатқыш өндірістік пайдалануға арналмаған.

Бұл өнім тек жеке пайдалануға арналған.

Ойнатқыш немесе диск суық жерде сақталған болса, конденсация орын алуы мүмкін.

Қыста тасымалдағанда, пайдалану алдында құрылғы бөлме температурасына жеткенше шамамен 2 сағат күтіңіз.



Осы өнімде пайдаланылған батареяда қоршаған ортаға зиянды химиялық заттар бар.

Батареяларды үй қоқысымен бірге тастамаңыз.

Мүмкіндіктері

Түрлі диск ойнату мүмкіндігі және FM тюнері, USB HOST ұясы.

MM-D430D/MM-D530D құрылғысында түрлі дискілерді, соның ішінде DVD, CD, MP3-CD, CD-R, CD-RW, DivX,JPEG және DVD-R/RW, ойнату мүмкіндігі, күрделі FM тюнері және USB HOST ұясы ыңғайлы етіп біріктірілген.

Теледидар экран қорғауышы қызметі

MM-D430D/MM-D530D құрылғысы тоқтау күйінде 5 минут болғаннан кейін теледидардың экранын автоматты түрде жарық немесе күңгірт етеді.
MM-D430D/MM-D530D құрылғысы 30 минут экран қорғауышы режимінде болғаннан кейін автоматты түрде қуатты сақтау режиміне ауысады.

Қуатты үнемдеу функциясы

MM-D430D/MM-D530D құрылғысы 30 минут тоқтау күйінде болғаннан кейін өзін автоматты түрде жабады.

USB хост портының қолдауы

Сақтау құрылғысын микрокомпоненттік жүйенің USB портына қосу арқылы MP3 ойнатқышта, сандық камерада немесе USB жад құрылғысында сақталған суреттер, фильмдер және музыка сияқты мультимедиа файлдарын тамашалауға болады.

HDMI

HDMI бір уақытта DVD бейне және дыбыс сигналдарын тасымалдайды және айқындау суретті береді.

Anynet+(HDMI CEC) функциясы

Anynet+ — микрокомпоненттік жүйені SAMSUNG теледидарына HDMI кабелі арқылы қосқанда, Samsung теледидарының қашықтан бақылау құрылғысының көмегімен басты құрылғыны басқаруға мүмкіндік беретін функция.
(Бұл тек Anynet+ қызметін қолдайтын SAMSUNG теледидарларында ғана бар.)

Made for iPod iPod қолдауы

iPod құрылғысын қамтамасыз етілген iPod қондырмасы бар Микрокомпоненттік жүйеге жалғап, музыкалық файлдарды тыңдауға болады.

Мазмұны

ДАЙЫНДАУ
Қауіпсіздік ескертулері ... 1
Сақтық шаралар ... 2
Мүмкіндіктері ... 3
Диск ескертпелері ... 5
Сипаттамасы ... 7

ҚОСЫЛЫМДАР
Динамиктерді қосу ... 11
Video Out ұясын теледидарға қосу ... 12
HDMI функциясы ... 13
Сыртқы құрамдастарды қосу ... 16
iPod ойнатқышын қосу ... 17
FM антенналарын қосу ... 19
Сағатты орнату ... 20
Қалған бос уақытты тексеру ... 21

ЖҰМЫС
Дискіні ойнату ... 22
MP3/WMA-CD дискісін ойнату ... 23
JPEG файлын ойнату ... 24
DivX ойнату ... 25
iPod ойнатқышын пайдалану ... 27
USB мүмкіндігін пайдаланып, мультимедиа файлдарын ойнату ... 29
Дисктегі ақпаратты көрсету ... 31
Жылдам/баяу ойнату ... 32
Көріністерді/әндерді елемей өту ... 33
Бұрыш функциясы ... 34
Қайта ойнату ... 35
A-B қайталап ойнату ... 36
Масштабтау функциясы ... 37
Дыбыс/субтитр тілін таңдау ... 38
Көріністе/әнге тікелей өту ... 39
Диск мәзірін қолдану ... 40
Тақырыптар мәзірін қолдану ... 41

ОРНАТУ
Тілді орнату ... 42
Теледидар экранының түрін орнату ... 43
Ата-ана құлыптарын (рейтинг деңгейін) орнату ... 45
Құпия сөзді орнату ... 46
DRC параметрін орнату (Динамикалық ауқымның қысылуы) ... 47
Дыбыс пен бейнені қадамдастыру параметрлерін орнату ... 48

РАДИО ЖҰМЫСЫ
RDS таратылымы туралы ... 49
Радио тыңдау ... 51
Радиостанцияларды алдын ала орнату ... 52

ӨЗГЕ ПАРАМЕТРЛЕР
CD RIPPING функциясы ... 53
Таймер функциясы ... 54
Таймерден бас тарту ... 55
Power Sound/Power Bass функциясы ... 56
DSP/EQ функциясы ... 57
Ұйқы таймері функциясы / Дыбысты өшіру функциясы ... 58
DEMO функциясы / DIMMER функциясы ... 59
Дыбысқағарды/микрофонды қосу ... 60
Дискілерді қолдану және сақтау бойынша ескертулер ... 61
Қызмет көрсету орталығына телефон шалу алдындағы әрекеттер ... 62
Терминология бойынша ескертпелер ... 64
Техникалық сипаттамалар ... 65

Диск ескертпелері

DVD (сандық әмбебап диск) Dolby Digital көлемдік дыбыс және бейнені қысатын MPEG-2 технологиясының арқасында ғажайып дыбыс пен бейне ұсынады. Енді үйде отырып, кинотеатрда немесе концерт залында отырғандай әсер алуға болады.

DVD ойнатқыштар мен дискілердің аймақ коды болады. Дискіні орнату үшін осы аймақ кодтары бір-біріне сәйкес келуі қажет. Егер кодтар бір-біріне сәйкес келмесе, диск ойнатылмайды. Бұл ойнатқыштың аймақ нөмірі оның артқы панелінде берілген. (DVD ойнатқыш жапсырмасында сәйкес келетін аймақ коды бар DVD дискілерін ғана ойнатады.)

Ойнатылатын дискілер

Диск түрі	Белгі (логотип)	Жазылған сигналдар	Диск өлшемі	Ең ұзақ ойнау уақыты
DVD-VIDEO		Бейне + дыбыс	12 см	Шамамен 240 мин. (бір жақты)
				Шамамен 480 мин. (екі жақты)
			8 см	Шамамен 80 мин. (бір жақты)
				Шамамен 160 мин. (екі жақты)
AUDIO-CD		Дыбыс	12 см	74 мин
			8 см	20 мин
DivX		Бейне + дыбыс	12 см	74 мин
			8 см	20 мин

Келесі диск түрлерін пайдаланбаңыз!

- Бұл ойнатқыш LD, CD-G, CD-I, CD-ROM және DVD-ROM дискілерін ойнатпайды.
  Егер мұндай дискілер ойнатылса, теледидар экранына <Бұл дискіні ойнату мүмкін емес. Дискіні тексеріңіз.> деген хабар шығады.
- Шетелден сатып алынған дискілер бұл ойнатқышта ойнатылмауы мүмкін.
  Егер мұндай дискілер ойнатылса, теледидар экранына <Бұл дискіні ойнату мүмкін емес. Аймақ кодын тексеріңіз.> деген хабар шығады.

Көшіруден қорғау

- **Көптеген DVD дискілер көшіруден қорғалған. Осыған байланысты DVD ойнатқышты бейнемагнитофон арқылы емес, тікелей теледидарға қосуыңыз қажет. Бейнемагнитофон арқылы қосу көшіруден қорғалған DVD дискілердегі суреттерді бұрмаланған күйде көрсетуі мүмкін.**
- Бұл өнімге АҚШ патенттерінің және Macrovision корпорациясы мен басқа құқық иелерінің басқа интеллектуалдық меншік құқықтарының пайдалану талаптарымен қорғалған көшіруден қорғау технологиясы ендірілген.
  Осы көшіруден қорғау технологиясын қолдануға Macrovision Corporation компаниясының рұқсаты қажет, ол Macrovision Corporation рұқсат берілген өзге мақсаттарда қолдануды ескермегенде, үй және шектелген көрермен мақсаттарында қолдануға арналған. Технологияларды қайталау және жабдықты бөлшектеуге тыйым салынған.

Авторлық құқық

• © 2011 Samsung Electronics Co., Ltd. Барлық құқықтары қорғалған.

Диск жазу пішімі

Бұл өнім қорғалған (DRM) мультимедиа файлдарын қолдамайды.

CD-R дискілері

- Диск жазу құрылғысына (CD-рекордер немесе компьютер) және дискінің күйіне байланысты кейбір CD-R дискілері ойнатылмауы мүмкін.
- 650Мбайт/74 минуттық CD-R дискілерін пайдаланыңыз. 700Мбайт/80 минуттан асатын CD-R дискілерін пайдаланбаңыз, өйткені олар ойнатылмауы мүмкін.
- CD-RW (қайта жазылатын) дискілер ойнатылмауы мүмкін.
- Жақсы «жабылған» CD-R дискілері ғана толық ойнатылады. Егер сеанс жабылып, диск ашық қалса, диск толық ойнатылмауы мүмкін.

CD-R MP3 дискілері

- ISO 9660 немесе Joliet пішіміндегі MP3 файлдары бар CD-R дискілері ғана ойнатылады.
- MP3 файл атауларының құрамында 8 немесе одан аз таңба болып, бос орындар немесе арнайы таңбалар (. / = +) болмауы тиіс.
- Деректердің декомпрессия/компрессия коэффициенті 128 Кбит/с мәнінен асатын жылдамдықпен жазылған дискілерді пайдаланыңыз.
- «.mp3» немесе «.MP3» кеңейтіміндегі файлдар ғана ойнатылады.
- Бірізді жазылған мультисессиялық дискілер ғана ойнатылады. If there is a blank segment in the Multisession disc, the disc can be played only up to the blank segment.
- Егер диск жабылмаған болса, ойнатуды бастауға көбірек уақыт кетеді және жазылған файлдардың барлығы ойнатылмауы мүмкін.
- VBR (ауыспалы бит жылдамдығы) пішімінде кодталған файлдарда, яғни төмен және жоғары бит жылдамдықтарында кодталған (мысалы, 32Кбит/с ~ 320Кбит/с) файлдарда, ойнату кезінде дыбыс жоғалып отыруы мүмкін.
- Бір ықшам дискіде ең көбі 999 дыбыс жолы ойнатылады.
- Бір ықшам дискіде ең көбі 300 қалта ойнатылады.

CD-R JPEG дискілері

- «jpg» кеңейтіміндегі файлдар ғана ойнатылады.
- Егер диск жабылмаған болса, ойнатуды бастауға көбірек уақыт кетеді және жазылған файлдардың барлығы ойнатылмауы мүмкін.
- ISO 9660 немесе Joliet пішіміндегі JPEG файлдары бар CD-R дискілері ғана ойнатылады.
- JPEG файл атауының құрамында 8 немесе одан аз таңба болып, бос орындар немесе арнайы таңбалар (. / = +) болмауы тиіс.
- Бірізді жазылған мультисессиялық дискілер ғана ойнатылады. Мультисессиялық дискіде бос жер болса, диск тек бос жерге дейін ғана ойнатылады.
- Бір ықшам дискіде ең көбі 9 999 сурет сақтауға болады.
- Kodak/Fuji суреттер ықшам дискісін ойнатқанда, суреттер қалтасындағы JPEG файлдар ғана ойнатылады.
- Kodak/Fuji сурет ықшам дискілерінен басқа сурет дискілерінің ойнатыла бастауына көбірек уақыт кетуі мүмкін немесе олар мүлде ойнатылмауы мүмкін.

DVD R±RW, CD-R/RW DivX дискілері

- Үйлеспейтін пішімдер үшін бағдарламалық құрал жаңартуларына қолдау көрсетілмейді.
  (Мысалы : QPEL, GMC, ажыратымдылығы 720 x 480 пиксельден жоғары, т.б.)
- DivX файлы ойнатылып жатқанда кадр жиілігі жоғары болатын бөлімдер ойнатылмауы мүмкін.

Лицензия

- DIVX БЕЙНЕ ТУРАЛЫ: DivX® - DivX,Inc компаниясы жасаған сандық бейне пішімі болып табылады. Бұл - DivX бейнесін ойнататын ресми DivX расталған құрылғы. Қосымша ақпарат және файлдарыңызды DivX бейнесіне түрлендіруге арналған бағдарламалық құралдарды алу үшін www.divx.com торабына кіріңіз. DIVX VIDEO-ON-DEMAND ТУРАЛЫ: Бұл DivX Certifi ed® құрылғысы DivX Video-on-Demand (VOD) мазмұнын ойнатудың орнына тіркелуі тиіс. Тіркеу кодын жасау үшін, құрылғының орнату мәзіріндегі DivX VOD бөлімін табыңыз. Тіркеу үрдісін аяқтау және DivX VOD туралы қосымша ақпарат алу үшін мына кодпен vod.divx.com торабына өтіңіз.
- DivX Certified® to play DivX ® video.
- Dolby және double-D таңбасы Dolby Laboratories компаниясының тіркелген тауар белгілері.
- “Pat. 7,295,673; 7,460,688; 7,519,274”.

Сипаттамасы

–Алдыңғы панелі–



1. ЫҚШАМ ДИСК БӨЛІМІ
2. USB ҰЯСЫ
3. ҚҰЛАҚАСПАП ҰЯСЫ
4. MIC (МИКРОФОН) ҰЯСЫ
5. ТЕРЕЗЕ КӨРСЕТІЛІМІ

–Жоғарғы панель–



1. OPEN/CLOSE ТҮЙМЕШІГІ
2. FUNCTION ТҮЙМЕШІГІ
3. SEARCH FUNCTION ТҮЙМЕШІГІ(ТӨМЕН)
4. TUNING MODE НЕМЕСЕ STOP ТҮЙМЕШІГІ
5. PLAY/PAUSE ТҮЙМЕШІГІ
6. SEARCH FUNCTION ТҮЙМЕШІГІ(ТӨМЕН)
7. ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІН БАҚЫЛАУ ТҰТҚАСЫ(+,-)
8. POWER түймешігі

–Артқы панель–

MM-D430D
MM-D530D



1. **AUX IN ұясы**
2. **FM антенна қосқышы**
3. **IPOD ҰЯСЫ**
4. **HDMI OUT қосқышы**
5. **Бейне шығыс қосқышы**
   Теледидардың бейне кіріс ұяларын (VIDEO IN) VIDEO OUT қосқышына қосыңыз.
6. **Scart қосқышы**
7. **Динамик қосқышы**
   Түйіспелер
8. **Желдеткіш**

Артқы панельдің суреттері MM-D530D үлгісінен алынған

- Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер мен иллюстрациялар тек сілтеме ретінде ғана берілген және нақты өнім пішініне ұқсамауы мүмкін.
- Егер келесі жағдайда техникті үйге шақырсаңыз,
  a. бірақ құрылғыдан ешбір ақау табылмаса,
  (яғни, осы пайдаланушы нұсқаулығының тиісті тұстарын оқымасаңыз)
  b. құрылғыны жөндеу орталығына әкелсеңіз, бірақ құрылғыда ешбір ақау болмаса, онда әкімшілік төлем төлеу қажет болуы мүмкін
  (яғни, осы пайдаланушы нұсқаулығының тиісті тұстарын оқымасаңыз).
- Бұндай әкімшілік төлемнің мөлшері, қандай да бір жұмысты орындау немесе үйіңізге барар алдында алдын ала хабарланады.

Сипаттамасы

–Қашықтан басқару құралы–



Қашықтан басқару құралының батареяларын салу

1 Батареялардың қақпағын көрсеткінің бағытында алыңыз.



2 Полярлықтарына назар аудара отырып, (+ және –) екі 1,5 В AAA батареяны салыңыз.



3 Батарея қақпағын жабыңыз.



Ескерту

Батареялардың ағуын немесе зақымдануын болдырмау үшін төмендегі сақтық шараларын қадағалаңыз:

- Батареяларды қашықтан басқару құралына полярлықтарын сәйкес келтіріп салыңыз:(+) мен (+) және (–) мен (–).
- Батареялардың дұрыс түрін пайдаланыңыз. Бірдей болып көрінетін батареялардың кернеуі әр түрлі болуы мүмкін.
- Әрқашан екі батареяны да бір уақытта ауыстырыңыз.
- Батареялардың ыстыққа немесе отқа шалдығуына жол бермеңіз.

Қашықтан басқару құралының жұмыс диапазоны

Қашықтан басқару құралын тік сызық бойынша шамамен 23 фут/7 метрге дейін қолдануға болады. Сондай-ақ, көлденең жерде қашықтан басқару сенсорынан 30 градус бұрышта жұмыс істейді.



Динамиктерді қосу

Өнімді жылжыту немесе орнатудан бұрын, қуат көзінің өшірілгенін және қуат сымының ажыратылғанын тексеріңіз.



DVD ойнатқыштың орны

- Оны тұғырдың, сөрелері бар шкафтың немесе теледидар тұғырының астына қойыңыз.

Алдыңғы динамиктер L R

- Бұл динамиктерді отырып, тыңдайтын жерге қарама-қарсы, өзіңізге ішке қаратып (шамамен 45 градус) қойыңыз.
- Динамиктердің жоғары жиілік репродукторлары құлақ деңгейінде болатын етіп орналастырыңыз.

Тыңдау орнын таңдау

Тыңдау орны теледидардан экранның өлшемінен 2,5 - 3 есе алыс қашықтықта болуы керек.

Мысалы : 32 дюймдік теледидарлар үшін 2~2,4м (6~8фут)
55 дюймдік теледидарлар үшін 3,5~4м (11~13фут)



- Балаларға динамиктермен ойнауға немесе олардың жанында ойнауға рұқсат етпеңіз. Динамик құлайтын болса, балалар жарақат алу мүмкін.
- Балалардың сабвуфер динамигінің тесігіне қолдарын немесе бөгде заттарды салуына жол бермеу үшін динамикті балалардан аулақ ұстаңыз.
- Сабвуферді тесігі арқылы қабырғаға ілмеңіз.

- Динамик теледидардың жанына қойылса, экранның түсі динамик тудыратын магниттік өріс әсерінен бұрмалануы мүмкін. Егер бұл орын алса, динамикті теледидардан ары қойыңыз.

Video Out ұясын теледидарға қосу

Бұл құрылғыны жылжыту немесе орнату алдында қуат көзінің өшірілгенін және қуат сымының ажыратылғанын тексеріңіз.
Бір бейне қосылым әдісін таңдаңыз.



1-ӘДІС : HDMI ..... (Ең жақсы сапа)

DVD ойнатқыштың HDMI OUT ұясын HDMI кабелі (жабдықталмаған) арқылы теледидардың HDMI IN ұясына қосыңыз.

2-ӘДІС : Scart ..... (Артық сапа)

Егер теледидарда SCART кірісі бар болса, басты құрылғының артқы панеліндегі AV OUT ұясының СКАРТ ұшын (жабдықталмаған) теледидардың SCART IN ұясына қосыңыз.

3-ӘДІС : Біріктірілген бейне ..... (Жақсы сапа)

Берілген DVD ойнатқыштың артқы жағындағы VIDEO OUT ұясындағы бейне кабельді теледидардың VIDEO IN ұясына қосыңыз.

- HDMI шығыс ажыратымдылықтары: 480p/576p, 720p,1080i/1080p. Ажыратымдылық параметрлерін 15-беттен қараңыз.
- Бейне қосылымын орнатқаннан кейін, теледидардағы бейне кіріс көзін микрокомпоненттік жүйенің тиісті бейне шығысына (HDMI, компонентті немесе біріктірілген) сәйкес келетін етіп орнатыңыз. Теледидардың бейне кірісінің көзін таңдау туралы қосымша ақпарат үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Басты құрылғыны SAMSUNG теледидарына HDMI кабелі арқылы қосқанда, микрокомпоненттік жүйені теледидардың қашықтан басқару құралын пайдаланып басқаруға болады. (Бұл тек Anynet+(HDMI-CEC) қызметін қолдайтын SAMSUNG теледидарларында ғана бар.)
- Егер теледидарда Anynet+ логотипі болса, ол Anynet+ функциясын қолдайды.
- Егер жүйе СКАРТ ұялары арқылы қосылған болса, теледидар көзі автоматты түрде СКАРТ режиміне ауысады.

HDMI функциясы

HDMI арқылы автоматты түрде анықтау функциясы

Қуат қосулы кезде HDMI кабелі жалғанса, ойнатқыштың бейне шығысы автоматты түрде HDMI режиміне өзгереді.

- **HDMI интерфейсі (High Definition Multimedia Interface)**
  HDMI – бейне және дыбыс деректерді тек сыңар қосқыш арқылы сандық тасымалдауға мүмкіндік беретін интерфейс.
  HDMI интерфейсін қолдану арқылы микрокомпоненттік жүйе HDMI кіріс ұясы бар теледидарға сандық бейне және дыбыс сигналдарын тасымалдап, анық бейнені көрсетеді.
- **HDMI қосылымының сипаттамасы**
  HDMI қосқышы - бейне және сандық дыбыс деректерін қолдайды.
  —HDMI теледидарға тек таза сандық сигнал береді.
  —Егер теледидар HDCP (жоғары өткізу жылдамдығы бар сандық мазмұн қорғау жүйесі) қолдамаса, экранда кездейсоқ шу пайда болады.
- **Samsung неге HDMI интерфейсін қолданады?**
  Аналогтық теледидарлар аналогтық бейне/дыбыс сигналын қажет етеді. Дегенмен, DVD дискілерін ойнатқанда, теледидарға тасымалданатын дерек сандық болып табылады. Сондықтан сандық сигналдан аналог сигналына аударатын түрлендіргіш (микрокомпоненттік жүйедегі) немесе аналог сигналдан сандық сигналға аударатын түрлендіргіш (теледидардағы) қажет болады. Аудару барысында, бейне сапасы шулар мен жоғалатын дыбыс есебінен төмендейді. HDMI технологиясы жақсырақ, себебі ол сандық сигналды аналог сигналға аударуды талап етпейді және ойнатқыштан теледидарға таза сандық сигнал жіберіледі.
- **HDCP деген не?**
  HDCP (жоғары өткізу жылдамдығы бар сандық мазмұн қорғау жүйесі) – HDMI ұясынан шыққан DVD мазмұнын көшіруден қорғайтын жүйе. Бейне көзі (компьютер, DVD диск, т.с.с.) мен көрсетуші құрылғының (теледидар, проектор, т.с.с) арасындағы сандық байланыстың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Заңсыз көшірудің алдын алу үшін мазмұны түпкілікті құрылғыда құпияланған.
- **Anynet+ деген не?**
  Anynet+ — Anynet+ қызметі бар басқа Samsung теледидарларымен байланыс үшін қолданылатын қолайлы функция.
  —Егер Samsung теледидарында Anynet+ логотипі болса, ол Anynet+ функциясын қолдайды.
  —Егер ойнатқышты қосып, DVD дискіні салсаңыз, ойнатқыш дискіні ойната бастайды, ал теледидар автоматты түрде қосылып, HDMI күйіне ауысады.
  —Алдын ала салынған диск бар ойнатқышты қосып, Play түймешігін бассаңыз, теледидар лезде қосылып, HDMI күйіне ауысады.
  —**Anynet+(HDMI-CEC)** функциясын пайдалану туралы қосымша ақпаратты теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.

Anynet+(HDMI CEC) функциясын пайдалану

Anynet+ - басқа Samsung құрылғыларын Samsung теледидарының қашықтан басқару құралымен басқаруға мүмкіндік беретін функция. Anynet + функциясын микрокомпоненттік жүйені SAMSUNG теледидарына HDMI кабелін пайдаланып, қосу арқылы қолдануға болады. Бұл тек Anynet+ қызметін қолдайтын SAMSUNG теледидарларында ғана бар.

1. Микрокомпоненттік жүйенің басты құрылғысын Samsung теледидарына HDMI кабельмен қосыңыз. (12-бетті қараңыз)
2. Микрокомпонеттік жүйені теледидардық қашықтан басқару құралын пайдаланып басқаруға болады.
   (Қолжетімді теледидар түймешіктері : ⏪, ⏹, ⏯, ⏩, ▲,▼ және ◀,▶ түймешіктері, 0~9 түймешігі)

Anynet+ функциясы арқылы
Осы құрылғыны, теледидардың қуатын басқаруға болады немесе теледидардағы қашықтан басқару құралында Play түймешігін басу арқылы фильм көруге болады.

Теледидардың қашықтан басқару құралында «Anynet+» түймешігін басып, Select Device to connect (Қосылатын құрылғыны таңдау) ішінен Micro Component form (микрокомпонент пішіні) дегенді таңдаңыз және төмендегі әрбір элементтік параметрін орнатыңыз.

- **View TV : (теледидар көру)** Егер Anynet+(HDMI CEC) функциясы қосылған болса және View TV (теледидар көру) дегенді таңдасаңыз, микрокомпоненттік жүйе автоматты түрде тоқтау күйіне ауысады.
- **Menu on Device : (құрылғыдағы мәзір)** Микрокомпоненттік жүйенің мәзіріне қол жеткізуге және басқаруға болады.
- **Device Operation : (құрылғы жұмысы)** Микрокомпоненттік жүйенің дискті ойнату туралы ақпараты көрсетіледі. Микрокомпоненттік жүйенің тақырып, тарау және субтитрді өзгерту сияқты диск әрекеттерін басқаруға болады.

- Қабылдау жоқ.
- CEC функциясы қосылған кезде ықшам дискісі ойнатылғанда, теледидардың қуат көзі өшірілсе, микрокомпоненттік жүйенің қуат көзі автоматты түрде өшірілмейді.

BD Wise (тек Samsung өнімдерінде бар)

Микрокомпоненттік HDMI кабелін пайдаланып, BD Wise параметрін қолдайтын Samsung теледидарына қосылған болса ғана BD Wise мәзірін пайдалануды таңдай аласыз.

• BD Wise деген не?

BD Wise функциясы BD Wise қолдайтын Samsung өнімдерін өзара оңтайлы параметрлерге реттейді. Бұл мүмкіндік BD Wise қолдайтын Samsung өнімдері бір бірімен HDMI кабелін пайдаланып қосылған болса ғана қосылады.

• BD Wise функциясын қолдану үшін

1. Микрокомпоненттік жүйені BD Wise қолдайтын Samsung өнімдеріне қосу үшін HDMI кабелін қолданыңыз.
2. Сәйкесінше, микрокомпоненттік жүйедегі және Samsung теледидарындағы BD Wise мәзірлерін On (қосылған) деп орнатыңыз.

— Бұл сурет сапасын ойнатылатын мазмұнға (дискідегі, DVD дискідегі, т.б.) сай оңтайландырады.
— Бұл, сондай-ақ, микрокомпоненттік жүйе мен BD Wise қолдайтын Samsung өнімдерінің арасындағы сурет сапасын оңтайландырады.

- BD Wise режимінің ажыратымдылығын өзгерткіңіз келсе, алдымен BD режимін параметрін өшіру қажет болады.
- BD Wise режимі өшірілгенде, жалғанған теледидардың ажыратымдылығы автоматты түрде ең жоғарғы ажыратымдылыққа реттеледі.
- Ойнатқыш BD Wise функциясын қолдамайтын құрылғыға қосылса, BD Wise функциясы өшіріледі.

HDMI функциясы(жалғасы)

HDMI интерфейсі (Жоғары айқындықты мультимедиа интерфейсі) неліктен қолданылады?

Бұл құрылғы DVD бейне сигналын аналог сигналына түрлендірместен сандық түрде тасымалдайды. HDMI қосылым айқынырақ сандық суреттерді береді.

HDMI дыбысын орнату

HDMI кабелі арқылы тасымалданатын дыбыстық сигналдарды ӨШІРУГЕ/ҚОСУҒА болады.



1. Тоқтау күйінде **MENU** түймешігін басыңыз.
2. ▼ , ▲ түймешігін басып, **<Audio>** дегенге өтіп, **ENTER** түймешігін басыңыз.
3. ▼ , ▲ түймешігін басып, **<HDMI AUDIO>** дегенге өтіңіз де, **ENTER** түймешігін басыңыз.
4. ▼ , ▲ түймешігін басып, <ON> немесе <OFF> дегенді таңдап, **ENTER** түймешігін басыңыз.
   - ON : HDMI қосылым кабелі арқылы бейне және дыбыс сигналдарының екеуі де тасымалданады, ал дыбыс тек теледидар динамиктері арқылы шығады.
   - OFF : Бейне тек HDMI қосылым кабелі арқылы тасымалданады, ал дыбыс тек микрокомпоненттік жүйенің динамиктері арқылы шығады.

➢ Бұрынғы деңгейге қайту үшін **RETURN** түймешігін басыңыз.
➢ Орнату экранынан шығу үшін **EXIT** түймешігін басыңыз.

- Бұл функцияның әдепкі параметрі - HDMI AUDIO OFF.
- HDMI AUDIO теледидар динамиктері үшін автоматты түрде 2 арналы дыбысқа кодсыздандырылады.
- HDMI AUDIO параметрі ON (ҚОСУЛЫ) болғанда, ECHO/P.SOUND/P.BASS/DSP/EQ функциясы қол жетімсіз болады.
- HDMI AUDIO параметрі ON (ҚОСУЛЫ) болғанда, MIC (микрофон) шығысы қол жетімсіз болады.

HDMI ажыратымдылығын орнату

Бұл функция пайдаланушыға HDMI шығысы үшін экран ажыратымдылығын таңдауға мүмкіндік береді.



1. Тоқтау күйінде **MENU** түймешігін басыңыз.
2. ▼ , ▲ түймешігін басып, **<Setup>** дегенге өтіп, **ENTER** түймешігін басыңыз.
3. ▼ , ▲ түймешігін басып, **<Display Setup>** дегенге өтіп, **ENTER** түймешігін басыңыз.
4. ▼ , ▲ түймешігін басып, **<HDMI Resolution>** дегенге өтіп, **ENTER** түймешігін басыңыз.
5. Cursor ▼ , ▲ түймешігін басып, қажетті элементті таңдап, **ENTER** түймешігін басыңыз.
   - HDMI шығыс ажыратымдылықтары: 480p/576p, 720p,1080i/1080p.
   - SD(стандартты ажыратымдылық) - 480p/576p, ал HD(жоғары ажыратымдылық) - 720p, 1080i, 1080p.

➢ Бұрынғы деңгейге қайту үшін **RETURN** түймешігін басыңыз.
➢ Орнату экранынан шығу үшін **EXIT** түймешігін басыңыз.

- Егер теледидар реттелген ажыратымдылықты қолдамаса, сурет дұрыс көрсетілмейді.
- Теледидардың бейне кірісінің көзін таңдау туралы қосымша ақпарат үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

Сыртқы құрамдастарды қосу

Сыртқы аналогтық құрамдасты қосу

Бейнемагнитофон, бейнекамера және теледидар сияқты аналогтық сигналды құрамдастар.



1 Ойнатқыштағы AUX IN ұясын сыртқы аналогтық құрамдастағы дыбыс шығысына қосыңыз.

- Қосқыш түстері сәйкес екеніне көз жеткізіңіз.

2 AUX таңдау үшін **AUX** түймешігін басыңыз.

- Экранда «AUX» жазуы шығады.

iPod ойнатқышын қосу

Басты құрылғы арқылы iPod ойнатқышындағы музыканы тыңдауға болады. iPod ойнатқышының осы микрокомпоненттік жүйемен қалай жұмыс істейтінін осы беттен және 27-беттен қараңыз.



1. iPod dock connector кабелін микрокомпоненттік жүйедегі iPod ұясына қосыңыз.
2. Қашықтан басқару құралындағы **PORT** түймешігін басып, **iPod** тармағын таңдап, музыканы тыңдаңыз немесе бейнелерді көріңіз.
   • Сондай-ақ, негізгі құрылғыдағы **FUNC.** түймешігін пайдалануға болады. Күй төмендегідей өзгереді:
   DVD/CD → TUNER → USB → IPOD →IPOD MUSIC→ AUX→ DVD.

- iPod ойнатқышының түріне байланысты, iPod ойнатқышын сатып алғанда Apple компаниясы беретін ұялардың біреуін қосу қажет. (келесі бетті қараңыз).
- iPod пен микрокомпоненттік жүйені қосудың алдында дыбыс деңгейін орташа деңгейге орнатыңыз.
- Құрылғы қуат көзіне қосылғанда және iPod ойнатқышын қосқанда, құрылғы iPod ойнатқышының батареясын зарядтайды.
- iPod бейнесін көру үшін VIDEO шығысын теледидарға қосу керек.



(жинақпен бірге жеткізіледі)

MM-D430D/MM-D530D үшін қол жетімді iPod модельдері

iPod nano 3-буын 4Гбайт 8Гбайт	iPod touch 1-буын 8Гбайт 16Гбайт 32Гбайт	iPod classic 80Гбайт 120Гбайт 160Гбайт
iPod nano 4-буын 8Гбайт 16Гбайт	iPod touch 2-буын 8Гбайт 16Гбайт 32Гбайт	
iPod nano 5-буын 8Гбайт 16Гбайт	iPod touch 3-буын 8Гбайт 32Гбайт 64Гбайт	
iPod nano 6-буын 8Гбайт 16Гбайт	iPod touch 4-буын 8Гбайт 32Гбайт 64Гбайт	

- «Made for iPod» («iPod үшін жасалған») жазуы электрондық құрылғы iPod ойнатқышына қосылуға арнап жасалғанын және жасақтаушы оның Apple компаниясының өнімділік стандарттарына сай екеніне куәлік бергенін білдіреді.
- Apple компаниясы бұл құрылғының әрекетіне немесе оның қауіпсіздік және реттеу стандарттарына сай болуына жауапты емес.

iPod - Apple Inc. компаниясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгісі.

FM антенналарын қосу



1 Жабдықталған FM антеннасын FM COAXIAL ұясына қосыңыз.

2 Сигнал күшті болған жерді тапқанша антеннаны айналдырыңыз, содан кейін оны қабырғаға немесе басқа қатты бетке бекітіңіз.

Ескертпе • Бұл құрылғы AM таратылымдарын қабылдамайды.

Желдеткіш Құрылғыға суық ауаны жеткізіп, желдеткіштің қызып кетуін болдырмайды.



Қауіпсіздік үшін төмендегі сақтық шараларын орындаңыз.

- Құрылғының жақсы желдетілетініне көз жеткізіңіз. Егер құрылғы нашар желдетілсе, құрылғының ішіндегі температура көтеріліп, оны зақымдауы мүмкін.
- Желдеткішті немесе желдету тесіктерін жаппаңыз. (Егер желдеткіш немесе желдету тесіктері газетпен немесе матамен жабылған болса, құрылғының ішінде жылу жиналып, өртке әкелуі мүмкін.)

Сағатты орнату

Әрбір қадам үшін қажет параметрлерді орнатуға бірнеше секунд беріледі.
Бұл уақыттан ассаңыз, қайта бастау керек.

1 **POWER** түймешігін басып, жүйені қосыңыз.

2 **TIMER/CLOCK** түймешігін екі рет басыңыз.

- «CLOCK» жазуы көрсетіледі.

3 **ENTER** түймешігін басыңыз.
Сағат жымыңдайды.

- Сағатты арттыру : ▶
- Сағатты азайту : ◀

4 Қажетті уақыт көрсетілгенде, **ENTER** түймешігін басыңыз.
Минуттар жымыңдайды.

- Минутты арттыру : ▶
- Минутты азайту : ◀

5 Қажетті уақыт көрсетілгенде, **ENTER** түймешігін басыңыз.

- Экранда «TIMER» жазуы шығады.
- Ағымдағы уақыт орнатылды.



Ескертпе

- Басқа функцияны қолданып жатқанда да **TIMER/CLOCK** түймешігін бір рет басып, уақытты көруге болады.
- Сондай-ақ, 3,4 қадамындағы ⏮ ⏭ түймешіктерінің орнына алдыңғы панельдегі ◀ ▶ түймешіктерін қолдануға болады.

Қалған бос уақытты тексеру

DVD

1 REMAIN түймешігін басыңыз.

- Ойнатылып жатқан тақырып немесе тараудың қалған уақытын тексеру.

Remain түймешігін әр басқанда, уақыт төмендегідей көрсетіледі:



CD MP3

1 REMAIN түймешігін басыңыз.

- **REMAIN түймешігі басылғанда, қалған уақыт көрсетіледі.**
- **Бұл функциядан бас тарту үшін REMAIN түймешігін қайтадан басыңыз.**



Дискіні ойнату



1 Диск тартпасын ашу үшін **OPEN/CLOSE** түймешігін басыңыз.

2 Дискіні салыңыз.

- Суреті бар бетін жоғары қаратып дискіні тартпасына ақырын салыңыз.

3 Диск тартпасын ашу үшін **OPEN/CLOSE** түймешігін басыңыз.

Ескертпе

- Аралас дискілер үшін ойнату реті келесідей:MP3/WMA → DIVX → JPEG.
- Дискінің мазмұнына байланысты бастапқы экран әр түрлі болуы мүмкін.
- Жазу күйіне байланысты кейбір MP3 ықшам дискілері ойнатылмайды.
- Ықшам дискілеріне дыбыс жолын таңдау үшін сандық түймешіктерді басуға болады, сандық түймешіктерді 3 секундтан кейін басқанда, ойнату автоматты түрде басталады.
- MP3 ықшам дискінің мазмұны дискіге жазылған MP3 дыбыс жолдарының пішіміне байланысты әр түрлі болады.
- DTS дыбыс дискілеріне қолдау көрсетілмейді.
- DVD дыбыс дискілеріне қолдау көрсетілмейді.

Ойнатуды тоқтату үшін ойнату кезінде **STOP** түймешігін басыңыз.

- Бір рет басылса, жадта тоқтаған орын сақталады. Егер **PLAY** (▶) түймешігі басылса, ойнату тоқтаған орыннан жалғасады. (Бұл функция тек DVD дискілерде істейді.)
- Екі рет басылса, «STOP» жазуы көрсетіледі, ал **PLAY** (▶) түймешігі басылса, ойнату басынан басталады.

Ойнатуды кідірту үшін ойнату кезінде **PAUSE** түймешігін басыңыз.

- Ойнатуды жалғастыру үшін **PLAY(▶)** түймешігін қайта басыңыз.

MP3/WMA-CD дискісін ойнату

1 MP3/WMA дискісін салыңыз.

- MP3/WMA мәзірінің экраны шығады және ойнату басталады.
- Мәзірдің сыртқы түрі MP3/WMA дискісіне байланысты.
- WMA-DRM файлдар ойнатылмайды.



2 Альбомды таңдау үшін ◄ ► ▲ ▼ түймешіктерін қолданып, **ENTER** түймешігін басыңыз.

- Дыбыс жолын таңдау үшін ▲▼ түймешіктерін қолданыңыз.



3 Альбомды өзгерткенде, тоқтау күйінде басқа альбомды таңдау үшін ◄ ► ▲ ▼ түймешіктерін қолданып, **ENTER** түймешігін басыңыз.

- Басқа альбомды және дыбыс жолын таңдау үшін жоғарыдағы 2 және 3 қадамдарын қайталаңыз.

4 Ойнатуды тоқтату үшін **STOP** түймешігін басыңыз.

Ескертпе

- Жазу күйіне байланысты кейбір MP3/WMA ықшам дискілері ойнатылмайды.
- MP3-CD дискінің мазмұны дискіге жазылған MP3/WMA дыбыс жолдарының пішіміне байланысты әр түрлі болады.

JPEG файлын ойнату JPEG

Сандық фотоаппарат немесе бейнекамерамен түсірілген суреттер немесе компьютердегі JPEG файлдарды ықшам дискіге сақтап, осы DVD ойнатқышпен ойнатуға болады.

Айналдыру/ауыстыру функциясы

Ойнату кезінде ▲, ▼, ◀, ▶ түймешіктерін басыңыз.

▲ түймешігін басыңыз, сурет сағат тілінің бағыты бойынша айналады.

▼ түймешігін басыңыз, сурет сағат тілінің бағытына қарсы айналады.

◀ түймешігін басыңыз, алдыңғы сурет көрсетіледі.

▶ түймешігін басыңыз, келесі сурет көрсетіледі.

Слайд көрсетілімін ойнату функциясы

Ойнату кезінде INFO түймешігін басып, слайд көрсетілімінің жылдамдығын таңдау үшін **INFO** түймешігін немесе ▲, ▼ түймешіктерін басыңыз, ойнату жылдамдығы төмендегідей өзгереді:

СЛАЙД КӨРСЕТІЛІМІНІҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ ◆ **Қалыпты**

↓

СЛАЙД КӨРСЕТІЛІМІНІҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ ◆ **Баяу**

↓

СЛАЙД КӨРСЕТІЛІМІНІҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ ◆ **Жылдам**

DivX ойнату

Ілгері/кері өту

Ойнату барысында ⏮, ⏭ түймешігін басыңыз.

- Дискіде 2-ден көп файл болса, ⏭ түймешігі әр басылғанда келесі файлға өтеді.
- Дискіде 2-ден көп файл болса, ⏮ түймешігі әр басылғанда келесі файлға өтеді.

Жылдам ойнату

◀◀, ▶▶ түймешігін басыңыз.

- Ойнату кезінде түймешік әр басылғанда,



- Ойнатуды жалғастыру үшін PLAY (▶) түймешігін қайта басыңыз.



5 минут өткізіп жіберу функциясы

Ойнату барысында ◀ , ▶ түймешігін басыңыз.

- ▶Түймешік әр басылғанда 5 минут кейінгі бейнеге өтеді.
- ◀ Түймешік әр басылғанда 5 минут алдыңғы бейнеге өтеді.

Ескертпе • F немесе MPG пішіміндегі файлдар 5 минут өткізіп жіберу функциясын қолдамайды.

Дыбыс параметрлерін көрсету

AUDIO түймешігін басыңыз.

- Егер дискіде бірнеше дыбыс жолдары бар болса, олардың арасында ауысуға болады.
- Түймешікті әр басқанда, таңдау AUDIO(OFF, 1/1, 1/2 ...) арасында ауысады.

AUDIO	CH1 DOLBY DIGITAL 5.1 CH

Субтитрлерді көрсету

SUBTITLE түймешігін басыңыз.

- Түймешікті әрбір басқанда, таңдау төмендегідей өзгереді:

SUBTITLE	OFF	➧	SUBTITLE	KOR

- Егер дискіде бір ғана субтитр файлы бар болса, ол автоматты түрде ойнатылады.
- 8 субтитр тілдеріне қолдау көрсетіледі.

DivX қызметтерінің кестесі

DivX пішіміне қолдау көрсетіледі
Avi файлдардында дыбыс және бейне деректері сақталады; оларды ықшам дискіде ISO 9660 пішімінде сақтау керек.

			ТЕХ. СИП.
БЕЙНЕ үйлесімділігі	DivX3.11		Ең соңғы НҰСҚАҒА дейін
БЕЙНЕ үйлесімділігі	MP3		CBR : 8Кбит/с~320Кбит/с
	AC3		CBR : 32Кбит/с~640Кбит/с
	WMA	CBR1:стерео:48Кбит/с~384Кбит/с	
		CBR2:моно:64Кбит/с~192Кбит/с	

Құрамында DivX бар MPEG пішімін бейнеге және дыбысқа бөлуге болады.

- **Бейне үйлесімділігі** : 3.11 нұсқасынан кейінгі барлық DivX нұсқаларына (соның ішінде ең соңғы 5.1 нұсқасына) қолдау көрсетіледі. Оған қоса, XviD пішіміне қолдау көрсетіледі.
- **Дыбыс үйлесімділігі** : 8 Кбит/с пен 320 Кбит/с аралығындағы кодталған MP3 файлдарға, 32 Кбит/с пен 640 Кбит/с аралығында кодталған AC3 файлдарға және 48 Кбит/с пен 348 Кбит/с аралығында кодталған WMA файлдарға қолдау көрсетіледі.
- **Бұған қоса, субтитрлер үшін бұл құрылғы мәтін пішімін (SMI) қолдайды.**

Ескертпе
- DivX дискісін ойнатқанда, тек AVI кеңейтімі бар файл ойнатылады.
- DivX дыбыс пішімінің ішінде DTS Audio дыбысына қолдау көрсетілмейді.
- Субтитр файлын компьютерден CD-ROM дискісіне жазғанда оны SMI файлы ретінде жазыңыз.
- MPEG 1 Layer 1 (MP1) пішіміне қолдау көрсетілмейді.

iPod ойнатқышын пайдалану

Қашықтан басқару құрылғысын пайдаланып iPod ойнатқышын ойнатуға болады.

Музыка тыңдау(iPod)

Микрокомпоненттік жүйеге жалғап, iPod ойнатқышындағы музыканы ойнатуға болады.



1. iPod dock connector кабелін микрокомпоненттік жүйедегі iPod ұясына қосыңыз.
2. iPod ойнатқышын қондырмаға қойыңыз.
   - iPod ойнатқышыңыз автоматты түрде қосылады.
3. iPod күйін таңдау үшін қашықтан басқару құралындағы **PORT** түймешігін басыңыз.
   - Теледидардың экранында «iPod Connected» («iPod қосылды») хабары шығады.
   - iPod ойнатқышы микрокомпоненттік жүйеге қосылған болса, PORT түймешігін басқан сайын, ол келесілер арасында ауысады: USB ➞ IPOD.

4. **iPod** күйін таңдау үшін қашықтан басқару құралындағы ▲,▼ түймешігін басыңыз.
5. Қашықтан басқару құралындағы ▲,▼ түймешіктерін басып, **Music** тармағын таңдаңыз да, **ENTER** түймешігін басыңыз.
   - Музыка санаттары шығады.
6. ▲,▼ түймешіктерімен қалаған санатты басып, **ENTER** түймешігін басыңыз.
   - Теледидарда музыка тізімі шығады.

7. ▲,▼ түймешіктерін басып, ойнатылатын музыка файлын таңдап, **ENTER/PLAY** түймешігін басыңыз.
   - Музыка әннің атын, әншіні, альбомды, уақыт және орындалу жолағын көрсететін жаңа экраннан шығады.
8. **PLAY**, **PAUSE**, **STOP**, ⏮/⏭, ⏪/⏩ және **REPEAT** сияқты қарапайым ойнату функцияларын басқару үшін қашықтан басқару құралын немесе басты құрылғыны пайдалануға болады.
   - Алдыңғы мәзірге оралу үшін **STOP** түймешігін басыңыз.

Музыка тізіміне өту және файлды таңдау үшін:

1. **STOP** түймешігін басыңыз.
   - Ол ойнатуды тоқтатып, музыка тізіміне қайтарады.
2. ▲,▼ түймешіктерін басып, ойнатылатын файлды таңдап, **ENTER/PLAY** түймешігін басыңыз.
   - Басты мәзірге оралу үшін **STOP** түймешігін басыңыз.

Музыка санаттары

Файл туралы ақпарат, соның ішінде әншінің аты, альбомның аты, музыканың аты мен жанры сәйкес музыка файлындағы ID3 тегі туралы ақпаратқа сай көрсетіледі.

Artists : Әншілер бойынша ойнату үшін.
Songs : Сандық немесе алфавиттік ретпен ойнату үшін
Playlists : Ойнату тізімі бойынша ойнату үшін.
Albums : Альбомдар бойынша ойнату үшін.
Genres : Жанрлар бойынша ойнату үшін.
Composer : Композиторлар бойынша ойнату үшін.

- Сыйысымды iPod ойнатқыштарын 18-беттен қараңыз.
  Сыйысымдылық iPod ойнатқышындағы бағдарламаның нұсқасына байланысты.
- Санаттар тізімі iPod моделіне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- **ID3 тег деген не?**
  Бұл MP3 файлға тіркелетін, файлға қатысты атау, әнші, альбом, жыл, жанр және түсініктеме өрісі сияқты ақпарат болатын тег.

Музыка тыңдау(iPod Music)

Микрокомпоненттік жүйеге жалғап, iPod ойнатқышындағы музыканы ойнатуға болады.

1. iPod dock connector кабелін микрокомпоненттік жүйедегі iPod ұясына қосыңыз.
2. iPod ойнатқышын қондырмаға қойыңыз.
   • iPod ойнатқышыңыз автоматты түрде қосылады.
3. iPod Music («iPod музыкасы») күйін таңдау үшін, қашықтан басқару құралында PORT («Порт») түймешігін басыңыз.
   • iPod ойнатқышы микрокомпоненттік жүйеге қосылған болса, PORT түймешігін басқан сайын, ол келесілер арасында ауысады: USB ➞ IPOD➞ IPOD MUSIC
   • Музыкасы бар файл автоматты түрде ойнатылады.
4. **PLAY**, **PAUSE**, **STOP**, ⏮/⏭, ⏪/⏩ және **REPEAT** сияқты қарапайым ойнату функцияларын басқару үшін қашықтан басқару құралын немесе басты құрылғыны пайдалануға болады.
   • Алдыңғы мәзірге оралу үшін **STOP** түймешігін басыңыз.

▪ Сыйысымды iPod ойнатқыштарын 18-беттен қараңыз.
▪ iPod music («iPod музыкасы») функциясы қолданылған кезде, бейнені шығару сигналы ажыратылады.
▪ **iPod Music («iPod музыкасы») дегеніміз не?**
Pod Music («iPod музыкасы») iPod құралын қолданатын пайдаланушыларға арналған мүмкіндік. Осы мүмкіндікте пайдаланушы жай ғана iPod құралын қолдану арқылы музыканы тыңдай алады.

Бейнені көру

Микрокомпоненттік жүйеге жалғап, iPod ойнатқышындағы бейнені ойнатуға болады.

1. iPod dock connector кабелін микрокомпоненттік жүйедегі iPod ұясына қосыңыз.
2. iPod ойнатқышын қондырмаға қойыңыз.
3. iPod күйін таңдау үшін қашықтан басқару құралындағы **PORT** түймешігін басыңыз.
   • Теледидардың экранында «iPod Connected» («iPod қосылды») хабары шығады.
   • iPod ойнатқышы микрокомпоненттік жүйеге қосылған болса, PORT түймешігін басқан сайын, ол келесілер арасында ауысады: **USB ➞ IPOD**.
4. iPod күйін таңдау үшін қашықтан басқару құралындағы ▲,▼ түймешігін басыңыз.
5. Қашықтан басқару құралындағы ▲,▼ түймешіктерін басып, Video тармағын таңдаңыз да, **ENTER/PLAY** түймешігін басыңыз.
   • Теледидарда бейне тізімі шығады.
6. ▲,▼ түймешіктерін басып, ойнатылатын музыка файлын таңдап, **ENTER** түймешігін басыңыз.
   • Теледидар экранында iPod ойнатқышындағы бейне файлы ойнатылады.
7. **PLAY**, **PAUSE**, **STOP**, ⏮/⏭ және ⏪/⏩ сияқты қарапайым ойнату функцияларын басқару үшін қашықтан басқару құралын немесе басты құрылғыны пайдалануға болады.
   • ⏮ түймешігін ойнатудан кейін 3 секундтың ішінде бассаңыз, ойнатқыш алдыңғы файлды ойнатады.
   ⏮ түймешігін ойнатудан кейін 3 секундтың ішінде немесе одан кешірек бассаңыз, ойнатқыш ағымдағы файлдың бастапқы экранына оралады.
   • Келесі файлды ойнату үшін ⏭ түймешігін басыңыз.



Бейне тізіміне өту және файлды таңдау үшін:

1. **STOP** түймешігін басыңыз.
   • Ол ойнатуды тоқтатып, бейне тізіміне қайтарады.
2. ▲,▼ түймешіктерін басып, ойнатылатын файлды таңдап, **ENTER/PLAY** түймешігін басыңыз.
   • Басты мәзірге оралу үшін **STOP** түймешігін басыңыз.

▪ Сыйысымды iPod ойнатқыштарын 18-беттен қараңыз.
▪ Сыйысымдылық iPod ойнатқышындағы бағдарламаның нұсқасына байланысты.
▪ iPod бейнесін көру үшін VIDEO шығысын теледидарға қосу керек (12-бетті қараңыз).
▪ iPod бейнесі бейне шығысы біріктірілген болса қол жетімді.
▪ iPod бейнесін VIDEO шығысы арқылы көргіңіз келсе, теледидар бейне кіріс көзіндебіріктірілгенді(CVBS өзгертіңіз.
▪ Ағымдағы файл соңына дейін ойнатылғанда, келесі файл автоматты түрде ойнатылады.
▪ Егер қосылған iPod ойнатқыш бейнені ойнатуды қолдамаса бейне мәзірін таңдағанда «Cannot play video files saved on this iPod» хабарышығады.
▪ HDMI қосулы кезде iPod күйін таңдасаңыз, HDMI автоматты түрде OFF күйіне өзгереді.
▪ iPod бейнесін көргенде қайталау функциясы қол жетімсіз болады.

USB мүмкіндігін пайдаланып, мультимедиа файлдарын ойнату

MP3 ойнатқыштар, USB жад құрылғылары, т.б. сияқты сыртқы USB сақтау құрылғыларына ойнатқыштың USB функциясын пайдаланып, файлдарды ойнатуға болады.

1 USB кабелін қосыңыз.



2 Басты құрылғыда **FUNC**. түймешігін басып немесе қашықтан басқару құралында **PORT** түймешігін басып, USB күйін таңдаңыз.

- Теледидарда USB SORTING (USB СҰРЫПТАУ) экраны шығады және сақталған файлдар ойнатылады.

Ойнатуды тоқтату үшін ойнату кезінде **STOP** (■) түймешігін басыңыз.

Ескертпе

- Бейне файлдарға (DivX, MPEG, т.б.) қолдау көрсетілмейді.
- USB құрылғыда сақталған деректердің жоғалуын болдырмау үшін USB кабельді ажырату алдында құрылғыны өшіріңіз немесе оны басқа күйге ауыстырыңыз.
- Ойнату реті төмендегідей: MP3/WMA → DIVX → JPEG.

Ілгері/кері өту

Ойнату барысында ⏮ ⏭ түймешігін басыңыз.

- Бірнеше файл болғанда, ⏭ түймешігін басқанда келесі файл таңдалады.
- Бірнеше файл болғанда, ⏮ түймешігін басқанда келесі файл таңдалады.

Жылдам ойнату

Дискіні қосымша жылдамдықпен ойнату үшін ойнату кезінде ◀◀ немесе ▶▶ түймешігін басыңыз.

- Түймешіктердің біреуін басқан сайын ойнату жылдамдығы төмендегідей өзгереді:
  ◀◀ x 2 → ◀◀ x 4 → ◀◀ x 8 немесе ▶▶ x 2 → ▶▶ x 4 → ▶▶ x 8
- Ойнатуды жалғастыру үшін PLAY (▶) түймешігін қайта басыңыз.

USB хост портының техникалық сипаттамасы

USB хост портының техникалық сипаттамасы	• USB 1.1 немесе USB 2.0 сыйысымды құрылғыларды қолдайды. • USB A түріне жататын кабельмен қосылған құрылғыларды қолдайды. • UMS (USB ақпарат сақтау құрылғысы) V1.0 сыйысымды құрылғыларды қолдайды. • Дискісі FAT(FAT, FAT16, FAT32) файлдық жүйесінде пішімделген құрылғыны қолдайды.
Сәйкессіздік	• Компьютерде (Windows) жеке драйверді орнатуды қажет ететін құрылғыларды қолдамайды. • USB хабқа қосылуды қолдамайды. • USB ұзарту кабелінің көмегімен қосылған USB құрылғы танылмауы мүмкін. • Бөлек қуат көзін қажет ететін USB құрылғысын ойнатқышқа бөлек қуат көзімен қосу керек.
Жұмыс шектеулері	• Егер қосылған құрылғының бірнеше дисктері (немесе бөлімдері) болса, бір ғана диск (немесе бөлім) қосылады. • Тек USB 1.1 қолдайтын құрылғыда, құрылғыға байланысты, сурет сапасында айырмашылық болуы мүмкін.

Сыйысымды құрылғылар

1. USB сақтау құрылғысы
2. MP3 ойнатқыш
3. Сандық фотоаппарат
4. Алынбалы қатты диск
   - 160 Гбайттан азырақ жады бар алынатын қатты дискілерге қолдау көрсетіледі. 160 Гбайттық немесе одан көбірек жады бар алынатын қатты дискілер, құрылғыға байланысты, танылмауы мүмкін.
   - Егер қосылған құрылғы жеткіліксіз қуатқа байланысты жұмыс істемесе, ол дұрыс жұмыс істейтіндей қуат беру үшін бөлек қуат кабелін қолданыңыз. USB кабельдің қосқышы USB құрылғыны өндірушіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
5. USB картасының оқу құралы: Бір ұялы карта оқу құрылғысы және бірнеше ұялы карта оқу құрылғысы.
   - Өндірушіге байланысты USB картасының оқу құралына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
   - Егер бірнеше ұялы карта оқу құралына бірнеше жад құрылғыларын салсаңыз, ақау пайда болуы мүмкін.

Сыйысымды файл пішімдері

Пішім	Файл атауы	Файл кеңейтімі	Бит жылдамдығы	Нұсқа	Пиксель	Өлшем жиілігі
Тұрақты бейне	JPG	JPG .JPEG	–	–	640x480	–
Музыка	MP3	.MP3	8~320Кбит/с	–	–	44,1 кГц
	WMA	.WMA	Стерео:48~384Кбит/с Моно:64~192Кбит/с	V8	–	44,1 кГц
Фильм	DivX	.AVI	4Мбит/с	DivX3.11~ DivX5.1, XviD	720x480	44,1 кГц~48 кГц

- CBI (Басқару/Көпшілік/Тоқтату) стандартына қолдау көрсетілмейді.
- PTP протоколын қолданатын немесе компьютерге қосылғанда қосымша бағдарламаны орнатуды талап ететін сандық фотоаппараттарға қолдау көрсетілмейді.
- NTFS файлдық жүйесін қолданатын құрылғыларға қолдау көрсетілмейді. (Тек FAT 16/32 (Файлдардың орналасу кестесі 16/32) файлдық жүйесіне қолдау көрсетіледі.)
- Janus сыйысымды MTP (мультимедианы тасымалдау протоколы) құрылғыларымен жұмыс істемейді.
- MPEG 1 Layer 1 (MP1) пішіміне қолдау көрсетілмейді.

Дисктегі ақпаратты көрсету

Дисктің ойнату туралы ақпаратын теледидар экранында көруге болады.

INFO түймешігін басыңыз.

• ▲ , ▼ түймешіктерін басып, қалаған элементке барып, оны таңдау үшін ENTER түймешігін басыңыз.

DVD

Экран өшеді

